

Егде жастағы адамдардың денсаулығын сақтауына геронтология өте маңызды орын алады



Егде тартқан адамдар ерекше назар мен күтімді қажет етеді. Олар өмір бойы жинаған үлкен өмірлік тәжірибенің, даналықтың және білімнің жинақшысы болып келеді. Алайда, қарттық көбінесе денсаулықтың нашарлауымен, әлеуметтік оқшаулануымен, экономикалық қиындықтарымен және т.б. ілесе жүреді.

Сондықтан қартаю және кәрілік проблемаларын зерттейтін ғылым – геронтологияның қазіргі қоғамдағы маңызы ерекше. Геронтологтар қартаюдың физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік қырларын зерттейді, сонымен қатар егде жастағы адамдарға денсаулығын, белсенді өмір салтын сақтауға және әлеуметтік белсенді болып қалуына көмектесетін әдістер мен бағдарламаларын құрастырады.

Геронтологтардың басты міндеттерінің бірі – егде жастағы адамдар өмірінің сапасын жақсарту және өмірін ұзарту үшін жаңадан емдеу және күтім әдістерін құрастыру және оларды іске енгізу. Сонымен қатар геронтологтар егде жастағы адамдардың белсенді болуына көмектесетін бағдарламаларды жасаумен айналысады, соның ішінде физикалық және интеллектуалды жаттығулардың әралуан түрлерін, шығармашылық әуес істер сабақтарын және т. б.

Сондай-ақ, геронтологтар қартаюдың әлеуметтік қыр-сырларымен айналысады, мысалы, әлеуметтік белсенділікті қолдау және егде жастағы адамдардың әлеуметтік оқшаулануының алдын алу сияқты. Олар егде тартқан адамдар өздерін қоғамның бір

бөлігі ретінде сезінуге, сондай-ақ қоғамға пайдалы және қажет болып қалуға мүмкіндік беретін ұрпақтар арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыруға көмектеседі.

Сонымен, егде жастағы адамдардың денсаулығын сақтауына, белсенді өмір салтын қолдауына және әлеуметпен біріктірілген қалпын сақтап қалуына көмектесетін ғылыми және практикалық шешімдерді ұсыну арқылы қоғамда геронтология өте маңызды орын алады.

Естеріңізге сала кетейік, емханада геронтология қызметіне жауапты дәрігер жұмыс істейді. Жұмыс кестесі жұма 15:00-ден 16:00-ге дейін (әр айдың соңғы аптасында іс – шара жүргізеді .

Сондай-ақ, егде жастағы адамдарды қабылдауды учаскелік дәрігерлер жүзеге асырады.

Сондай-ақ, емханада геронтология қызметіне жауапты дәрігер, СӨС дәрігері және әлеуметтік-психологиялық қызмет мамандары ұзақ өмір сүру мектебін өткізеді.